

**«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ
Әлеуметтік ғылымдар факультеті
Педагогика кафедрасы**



**«БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БУЛЛИНГ
ЖӘНЕ КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ:
ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ»
Халықаралық ғылыми семинар
ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК
Международного научного семинара
«ПРОФИЛАКТИКА БУЛЛИНГА И КИБЕРБУЛЛИНГА
В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ:
ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**

**Астана
20 сәуір, 2023 ж.**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
КеАҚ
ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
ПЕДАГОГИКА КАФЕДРАСЫ**



**«БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БУЛЛИНГ ЖӘНЕ КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ
АЛДЫН АЛУ: ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ»
Халықаралық ғылыми семинар
ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК
Международного научного семинара
«ПРОФИЛАКТИКА БУЛЛИНГА И КИБЕРБУЛЛИНГА В
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**

**Астана
20 сәуір, 2023 ж.**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Сомжүрек Б.Ж. - ғылыми семинар төрағасы, әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы;

Асылбекова М.П. - педагогика кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор;

Атемова К.Т. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Сейітқазы П.Б. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Шалғынбаева Қ.Қ. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Албытова Н.П. - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;

Сламбекова Т.С. - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор,

Шолпанкулова Г.К. – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;

Жубакова С.С. - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;

Жукенова Г.Б. - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;

Махадиева А.К. - философия докторы (PhD), доцент м.а.

ЧЛЕНЫ ОРГКОМИТЕТА:

Сомжүрек Б.Ж. - председатель научного семинара, декан факультета социальных наук;

Асылбекова М.П. - заведующая кафедрой педагогики, к.п.н., профессор;

Атемова К.Т. - доктор педагогических наук, профессор;

Сейітқазы П.Б. - доктор педагогических наук, профессор;

Шалғынбаева Қ.Қ. - доктор педагогических наук, профессор;

Албытова Н.П. – кандидат педагогических наук, профессор;

Сламбекова Т.С. - кандидат педагогических наук, профессор;

Шолпанкулова Г.К. - кандидат педагогических наук, профессор;

Жубакова С.С. - кандидат педагогических наук, доцент;

Жукенова Г.Б. - кандидат педагогических наук, доцент;

Махадиева А.К. - доктор философии (PhD), и.о. доцента.

УДК 378.1
ББК 74.00
Б. 94

«Білім беру ұйымдарында буллинг және кибербуллингтің алдын алу: теория және тәжірибе» атты ғылыми семинар BR18574152 «Балаларға қатысты буллингтің алдын алу шараларын әзірлеу және оның өзекті аспектілерін зерттеу» тақырыбындағы 2023-2024 жылдарға арналған бағдарламалық мақсатты қаржыландыру аясында ұйымдастырылған.

Б.94 «Білім беру ұйымдарында буллинг және кибербуллингтің алдын алу: теория және тәжірибе». Халықаралық ғылыми семинар жинағы (Астана қ., 20 сәуір). 2023. 223– бет

ISBN 978-601-337-842-8

Жинаққа білім беру ұйымдарында буллинг және кибербуллингтің алдын алу шараларын әзірлеу және оның өзекті аспектілерін зерттеу мәселелері бойынша баяндамалар енгізілген.

УДК 378.1
ББК 74.00

ISBN 978-601-337-842-8

© **Формула печати, 2023**

5. Мудрик А. В. Человек–объект, субъект и жертва социализации //Известия РАО. – 2008. – Т. 2008. – №. 8. – С. 48-57.
6. Овчарова Р. В. Родительство как психологический феномен. – 2006. (71)
7. Руденский Е. В., Руденская Ю. Е. Виктимогенный механизм социализации развивающейся личности в педагогическом общении //Новосибирск: СибПСИ. – 2001. (80)
8. Myers D. G. Social psychology. – 1996.
9. Лэнг Р. Расколотое «я» //СПБ.: Белый кролик. – 1995. – Т. 352. – С. 2.
10. Христенко В. Є. Психология поведения жертвы: учебн. пособие. – 2004.
11. Меньшикова Е. С. Жестокое обращение с детьми и его возможные отдаленные последствия //Психологический журнал. – 1993. – Т. 14. – №. 6. – С. 110-118.

КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІҢ РӨЛІ

THE ROLE OF INFORMATION COMPETENCE IN CYBERBULLYING PREVENTION

**Ырымбаева Н.А., докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, Астана қаласы, Қазақстан Республикасы.
Rymbaeva N.A., doctoral student, L. N. Gumilyov Eurasian National
University,
Astana, Republic of Kazakhstan.**

Аңдатпа. Мақалада бүгінгі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі, кибербуллингтің алдын алудағы ақпараттық құзыреттіліктің рөлі мен мүмкіндіктері қарастырылған. Шетелдік еңбектердегі буллинг түрлері ұсынылған. Адамның жеке құқықтары мен буллинг мәселесіне қатысты Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттарына сілтеме жасалынған.

Annotation. The article discusses one of the most pressing problems of today's society, the role and opportunities of information competence in the Prevention of cyberbullying. Types of bulling in foreign works are presented. Reference is made to the normative legal documents of the Republic of Kazakhstan regarding the issue of personal human rights and bullying.

Кілт сөздер: буллинг, кибербуллинг, ақпараттық құзыреттілік, нормативтік-құқықтық құжаттар.

Keywords: bullying, cyberbullying, information competence, regulatory and legal documents.

Бүгінгі жаһандық кезеңде білім беру жүйесінің алдына қойған өзекті мәселелерінің бірі, білім алушылардың қауіпсіз ортада білімдерін алуға жағдай жасау. Ал қазіргі білім беру ұйымдарында кездесіп отырған буллинг және кибербуллинктің алдын алу мәселесі шешімін табуды қажет ететіні анық.

ҚР Конституциясының 17-бабында «Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды», – делінген [1].

Сонымен қатар бірқатар нормативтік-құқықтық құжаттарда: «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы» [2], «Білім туралы» [3], «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» [4], «Баланы жәбірлеудің (буллинктің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» [5], «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» [6] буллинг құбылыстарының алдын алу, шешу, әрекет ету жолдары бойынша ақпарат берілген.

Алайда, нормативтік-құқықтық құжаттарда буллинктің алдын алу, шешу қарастырылғанымен, әлеуметтік, білім беру орталарында буллинг, кибербуллинг мәселелерінің орын алуы жиі кездесіп жатыр.

Буллинг – бұл зорлық-зомбылықтың бір түрі, ол ұжым мүшелерінің бірін басқа біреудің немесе адамдар тобының агрессивті түрде қудалауын қамтиды. Бұл өзара күштер теңсіздігі орын алғанда, жәбірленуші өзінің әлсіздігін, қорқынышы мен ренішін көрсеткенде және кейбір балалардың басқаларға қарсы агрессиясынан көрініс табады. Ал, кибербуллинг – бұл қорқыту мен қорлаудың тағы бір түрі. Бұл жағдайда қоқан-лоққылар мен хабарламалар, мазақ ету, өсек пен қауесет, жеке фотосуреттер жәбірленушіге пошта арқылы жіберіледі немесе әлеуметтік желілерде орналастырылады, көпшілікке жарияланады. Бұл басылымдар үлкен аудиторияға ие болады және кез-келген уақытта қорлау виртуалды кеңістіктен нақты кеңістікке ауыса алады [7].

Н.С.Бобровникова өз мақаласында Р.Ковальски, С.Лимбер, П.Агатстонның «Кибербуллинг: цифрлық ғасырдағы буллинг» атты кітабында берілген интернет кеңістігіндегі кеңінен таралған буллинг түрлерін атап көрсеткен [8]:

❖ **флейминг** (ағыл. flaming – тұтану) – жылдам, эмоционалды реплика алмасу, көбінесе қоғамдық чатта немесе конференцияда;

❖ **харассмент** (ағыл. harassment – қысым) – белгілі бір адамға бағытталған тұрақты және агрессивті әрекеттер, яғни ол адамды ашулануға, толқуға, күйзеліске итермелеу;

❖ **гриферлер** (griefers) – жою мақсатында басқа ойыншыларды әдейі қудалайтын онлайн ойыншылар;

❖ **ойыннан ләззат алу** – балағаттау, алаяқтық, ойын бөліктерін бұғаттау және т.б. қолдану;

❖ **кибертролли** (cyber trolls) – әртүрлі интернет-ресурстарда, әлеуметтік желілерде, мемориалдық беттерде жағымсыз ақпаратты жариялау, сол арқылы эмоционалдық ашуды ояту;

❖ **киберсталкинг** (cyberstalking; ағыл. to stalk – соңынан қалмау, анду) – жәбірленушіге электронды байланыс арқылы қысым көрсету;

❖ **секстинг** (sexting, от ағыл. sex – секс және text – текст) – интимдік сипаттағы фотосуреттерді және / немесе бейнелерді жариялау;

❖ **клевета** (диссинг - denigration) – алдамшы, қорлайтын, айыптайтын ақпаратты жариялау;

❖ **аутинг** – дербес деректерді жария ету;

❖ **әлеуметтік оқшаулау** (бойкот) – жәбірленушіден аулақ болу, сөйлескісі келмеу, электронды топтардан және/немесе әңгімелерден бас тарту;

❖ **хеппислепинг** – бақытты шапалақтау, қуанышты ұру. Кездейсоқ өтіп бара жатқан адамдарды ұрып-соғып, ал олардың серіктестері бұл әрекетті мобильді камераларға жазып тұруы.

Осы аталған буллингтің қай түрін алып қарасақта, жәбірленушіге психологиялық және физиологиялық тұрғыдан кері әсерін тигізіп, қауіпті салдарға әкеледі. Ал бұл өз кезегінде уайым мен қайғыға түскен тұлғаны суицидке баруына итермелейді, әсіресе жасөспірімдер ортасында жиі кездеседі. Жалпы буллинг кез келген жас мөлшерінде, кез келген ортада (балабақша, мектеп, ЖОО, қызмет бабында) кездесуі мүмкін. Сонымен қатар, көбінесе буллингке сезімтал, мазасыз немесе тұйық, физиологиялық әлсіз және физиологиялық тұрғыдан өзгелерден ерекшелігі бар, достары аз, өзіндік бағалауы төмен тұлғалар ұшырайды.

Мемлекет басшысы Қ-Ж.Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында «Адам құқын қорғау жөнінде жаңа шаралар қабылдау өте маңызды. Бүкіл әлемдегі сияқты Қазақстанның азаматтары да интернеттегі ғайбаттаулардан қорғана алмай отыр. Бұдан ең алдымен балалар зардап шегуде. Олар интернет арқылы тараған қоқан-лоқының әсерінен қатты қиналады. Өкінішке қарай, соның салдарынан қайғылы жағдайға да ұшырап жатады. Азаматтарды, әсіресе балаларды кибербуллингтен қорғау жөніндегі заңнамалық шараларды қабылдайтын кез келді», – деп атап айтқан болатын [9].

Буллингтің кең тараған түрі кибербуллинг тұлғаны электронды қорлау, қорқыту жүзінде көбінесе интернет арқылы іске асады. Сондай-ақ, кибербуллингтік әрекет жәбірленушіге қарсы қысқа немесе ұзақ уақыт бойы электронды, тура немесе жанама түрде әлеуметтік желі, мессенджерлер, смс арқылы топ немесе жеке тұлға жүзеге асыратын қасақана агрессивті әрекеттер. Бұл жерде жалған ақпарат, бұрмаланған ақпарат және тұлғаның рұқсатынсыз алынған ақпаратпен қорқыту жүзеге асып, жәбірленушіні қорғау мен қауіп төнетін көзді анықтау қиынға соғады.

Кибербуллингке тап болғанда шарасыздық, жасқаншақтық, өзін еркін сезінуі мен ортада ұстауы үрейлі, өзін-өзі бағалау деңгейі күрт төмендеу және психологиялық денсаулыққа нұқсан келуі мүмкін.

Бұл жағдайды алдын алу шарасы ретінде: таныс емес адамдардан келген қорқыту ақпараттын егжей-тегжейлі талдау және отбасы мүшелеріне хабарлау немесе көмек бере алтын құзыретті органдармен байланысқа шығу арқылы

шешімін табу. Сонымен қатар тұлғаның өзіндік психологиялық денсаулығын нығайту, ақпарат ағымындағы медиақұзыреттілігі мен ақпараттық құзыреттілігін дамытудың рөлі ерекше орында.

Қазіргі ғылыми-техникалық прогресс компьютерлік технологиялардың жылдам дамуына, ал ол өз кезегінде қоғамның цифрлық сауаттылығы мен ақпараттық құзыреттілігінің қажеттілігін туындатады. Медиа үдерісіндегі ақпарат ағыны мен масс-медиа өнімдерінен алынатын ақпаратты қабылдаудағы тұлғаның ақпараттық құзыреттілігі бүгінгі күні өзекті екені анық.

Бүгінгі таңдағы ақпараттық құзыреттілік – ақпараттық кеңістікте еркін бағдарлана білу, ақпаратты сұрыптай білу қабілеті, сыни тұрғыдан ойлау, кәсіпте және өмірлік қажеттілігі бар құзыреттер жиынтығын меңгеру ретінде қарастырсақ болады.

Зерттеуші А.В. Вишнякова «Ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік ақпаратты өздігінен іздеу, таңдау, талдау, жүйелеу, ұсыну және жобалау объектілері мен процестерінде адамдармен байланыс орнату мүмкіндігі» – десе [10], ал, Н.П. Табачук ұжымдық еңбегінде «Адамның ақпараттық құзыреттілігін дамыту – тұлғаны дамытудың бөлінбейтін тұтас үдерісі, өзіндік ақпараттық қарым-қатынастар мен ақпараттық мәдениет әлеміне кезеңдеп енуі. Ақпараттық құзыреттілік түсінігін теориялық білімді біріктіруге негізделген күрделі, әрі жеке психологиялық қалыптасу мен инновациялық технологиялар саласындағы тәжірибелік қабілеттер, жеке қасиеттердің белгілі бір жиынтығы», – ретінде қарастырған [11].

Осылайша, білім беру кеңістігінде тұлғаның ақпараттық құзыреттілігін дамыту арқылы, кибербуллингтің алдын алудағы келесі мүмкіндіктерді қарастырамыз:

- Өзінің жеке деректерін (толық аты-жөні, жылы, оқу орны, тұрғылықты мекен-жайы) интернетке тіркемеу;
- Өзінің өмірі, ішкі сезімі, өзін-өзі бағалауы, отбасылық қиындықтарды және т.б. ақпаратты бейтаныс адамдармен бөліспеу;
- Күмән тудыратын сайттарға тіркелмеу, логин-парольге мұқият болу;
- Виртуалды әлемге еніп кетпеу, шынайылықта өмір сүру;
- Интернеттен (әлеуметтік желі, мессенджер) келіп түскен ұсыныстар, жарнама, ұтыстар және т.б. қызықтырушы ақпараттың шынайылығын ресми сайттардан тексеру;
- Жеке құжаттардың суретін интернетке тіркемеу;
- Бейтаныс адамдармен жеке құжат суреті, құжат номері, ұялы телефонға келген смс кодтармен бөліспеу;
- Таныс емес номер қоңырау шалып, аты-жөнді атағанның өзінде, сыни тұрғыдан қарау және сөз арасында «Ия» деген жауапқа сақ болу;
- Ұялы телефонға «Нөмірді анықтаушы» бағдарламасын орнату арқылы, бейтаныс номер туралы ақпаратты алдын ала білу;
- Қорқыту, жәбірлеу, бопсалау фактілерімен міндетті түрде жақындарымен бөлісу;
- Шантаж жасау, қорқыту фактілері туындаса, «Google» іздеу арқылы мазалаған сұрақтың жауабын іздеу, міндетті түрде жақындармен бөлісу;

- Өз құғығын қорғауға мүмкіндік беретін нормативті құжаттармен таныс болу;
- Кибербуллинг фактілері туындаса хат алмасуды скриндеу, аудио және видео жазбаларды сақтау;
- Бейтаныс адамдардан келген сілтемелерді ашпау, таныс емес бағдарламаларды ұялы телефонға және компьютерге орнатпау;

Қорытындылай келе, тұлға қандай ортада, қандай жас кезеңінде кибербуллингке тап болып жатса да, ең алдымен сабырлылық сақтап, жақындарының және уәкілетті органдардың көмегіне жүгініп, бірлесе отыра мәселені шешуге болатынын естен шығармағаны абзал.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан Республикасының Конституциясы». Электронды ресурс – https://www.akorda.kz/kz/official_documents/constitution
2. «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы». Декларация Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А (III) қабылданған. Электронды ресурс – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001>
3. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. Электронды ресурс – https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_
4. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы заңы». 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы. Электронды ресурс – https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_
5. «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы. Электронды ресурс – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031180>
6. «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі N 451 Заңы. Электронды ресурс – https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000451_
7. Хайрулина А. Обзор ситуации с соблюдением права ребенка на защиту от буллинга в школах Казахстана. «Фокус прав человека: женщины и дети». Нур-Султан, 2022, С.25, – С.3.
8. Бобровникова Н.С. Кибербуллинг: виды и особенности проявления. Международный научно-исследовательский журнал. №11 (125). Ноябрь DOI: <https://doi.org/10.23670/IRJ.2022.125.86>
9. Мемлекет басшысы Қ.-Ж.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 01.09.2020ж. Электронды ресурс – https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek
10. Вишнякова А.В. Образовательная среда как условие формирования информационно-коммуникативной компетентности учащихся: автореф. – Оренбург, 2002. – 23 с.
11. Tabachuk N.P. Information Competency and Creative Initiative of Personality and Their Manifestation in Activity / N.P. Tabachuk, I.A. Ledovskikh, N.A. Shulika, I.V. Karpova, V.A. Kazinets, A.E. Polichka / Journal of Social Studies

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫНА КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ ӘСЕРІ

THE IMPACT OF CYBERBULLYING ON THE PSYCHOLOGICAL HEALTH OF ADOLESCENTS

**Кулдашева Н.У., докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, Астана қаласы, Қазақстан Республикасы.**

**Kuldasheva N. U., doctoral student, L. N. Gumilyov Eurasian National
University,
Astana, Republic of Kazakhstan.**

Аңдатпа. Бұл мақалада кибербуллинг мәселесі және оның жасөспірімдердің психологиялық денсаулығына теріс әсері қарастырылған. Кибербуллинг және психологиялық денсаулық ұғымына анықтама берілген. Кибербуллингке қатысушы тұлғалардың түрлеріне сипаттама беріліп, жасөспірімдерге, ата-аналарға және мұғалімдерге ұсыныстар қарастырылған.

Annotation. This article discusses the problem of cyberbullying and its negative impact on the psychological health of adolescents. The concept of cyberbullying and psychological health is defined. The types of personalities involved in cyberbullying are characterized. Recommendations are given to teenagers, parents and teachers

Кілт сөздер: психологиялық денсаулық, қорқыту, кибербуллинг, бойкот, психоэмоционалды жағдай, аутинг, троллинг, флейминг.

Keywords: psycholoic health, bullying, cyberbullying, boycott, psychoemotional state, outings, trolling, flaming.

Тұлғаның психологиялық денсаулығын сақтау және дамыту, адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыру, толеранттылық, тұлғаның толыққанды дамуының негізгі шарты және кез-келген білім беру ұйымдарының ажырамас бөлігі болып табылады. Қоғамдық санадағы білім сапасы ұғымының өзі денсаулық, әл-ауқат, қауіпсіздік, өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі реттеу, сыйластық сияқты категориялармен тығыз байланысты болып келеді. Бұл ретте білім беру ортасының басты міндеттерінің бірі жеке тұлғаның дамуы үшін жағдай жасау және жеке әлеуетін ашу. Бұл жағдайлар қатысушылардың қауіптен тыс екендігіне сендіретін, эмоционалды жайлылықты, өз қабілетін анықтауға мүмкіндік беретін, жеке қадір-қасиетін сақтайтын, психикалық денсаулықты нығайтатын тұлғааралық қатынастар арқылы жүзеге асырылады.

Қазіргі кезеңде өскелең ұрпақтың психологиялық денсаулығына зиянын тигізіп, өзіндік бағалауы мен мінез-құлқына әсер етіп отырған мәселелердің